


Бекітемін

Мектеп директоры


 Сарсенбаева К.А.

«27» 08 2021ж



Келісемін:


Директордың оқу ісінің меңгерушісі

 Еселбай А.С.

«26» 08 2021ж

ӘБ отырысында қаралды:

Хаттама №

 Садырбекова Л.Е.

«25» 08 2021ж

«Логика» Вариативтік компоненті

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық білім бөлімінің
«Ақкөл орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»МҚМ

Барлығы: 32 сағат, аптасына 1сағат

Мад тәрбиешісі: Орынбетова М.Ж

2021-2022оқу жылы

Түсінік хат

Бала ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игеруімен бірге есте сақтау, ойлау, елестету, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Баланың дамуы үшін есте сақтау мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта және өзі туралы білімді меңгеруі, мінез-құлық нормаларын игеруі, білім, білік дағдысынның қалыптасуы есте сақтау және ойлау қабілеттерімен тығыз байланысты. Сөз бен сөйлеу әрекеті ойлау құралы болып табылады. Өйткені солардың негізінде логикалық ойлау, ұғым қалыптасады.

Бес жасында бала көрнекі-әрекеттік ойлаудан көрнекі-бейнелі ойлауға ауысады. Және 6 жасқа қарай ауызша-логикалық ойлауға үйренуі керек. Баланың көрнекі-әрекеттік ойлауы заттармен нақты әрекеті арқылы жүзеге асады. Ол түрлі заттарды пайдалану, қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасау барысында білім және тәжірибе жинақтайды. Көрнекі-бейнелі ойлау мен оған ықпал ететін көрнекі-схемалық ойлаудың мәні одан туындаған жағдайларды шешу үшін бала заттардың өзіне ғана емес, олардың бейнесіне сүйенуі арқылы бейнеленеді. Ол құбылыстар мен заттардың тек жеке қасиеттерін ғана емес, неғұрлым маңызды байланыстарды, олардың арасындағы қатынастарды анықтап, схема бойынша жұмыс жасай (конструктормен жұмыс) біледі, заттарды әртүрлі кеңістікте елестете алады, оларды ойша орындарынан ауыстыра алады.

Мектепалды жасында бала логикалық ұғымдық ойлауды ауызша пайдаланады. Қоршаған орта, ондағы адамдардың рөлі мен орны туралы түсінігі неғұрлым кеңейе түседі.

Бұл кітаптағы тапсырмалар мазмұны қоршаған орта, қоғамдық өмірдегі құбылыстар, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар, адамның әлемдегі орны, табиғат пен оның құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар туралы білімдерді қамтиды. Оларды орындау барысында бала заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындауды кейбір дерексіз ұғымдарды сипаттауды, уақыт қатынасын, себеп-салдарды, кеңістік, өлшем туралы түсініктерді игереді. Ол сөздерді еркін қолдануды, өз пікірін айтуды, оны негіздеуді, қарапайым заңдылықтарды анықтауды, салыстыруды, талдауды, пайымдау логикасын, ойлануды үйретеді. Сөздік қоры, тіл байлығы артады, сюжеттік әңгімелер құру қабілеті дамиды.

Баланың ойлау және сөйлеу қабілетінің дамуы сұрақтарының ұсақ бұлшық еттерімен, қолдарының қимыл үйлесімділігімен тығыз байланысты екендігін ескерген жөн. Суретті жақсы салатын және әдемі жазатын балалардың байланыстырып сөйлеу және ауызша логикалық даму деңгейлерінің жоғары болатыны белгілі. Бала саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамыту үшін түрлі заттарды саусақтармен теру, алуан түрлі және әртүрлі көлемдегі тығындар мен бұрандаларды бұрау, илеу, жапсыру, сурет салу, үзік сызық сызу сияқты түрлі жаттығуларды пайдалануға болады. Аталған жаттығулар ішінде қарындашпен сурет салу мен үзік сызық сызудың мәні зор. Кітабымыз тапсырмалардың осы түрлерін ұсынады. Оларды орындай отырып, бөбек қолдарының қимыл үйлесімділігі мен саусақтарының ұсақ бұлшық еттерін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге ерікті зейінін, есте сақтау, көру және ойлау қабілеттерін дамытады. Және қағаз бетінде бағдарлау мен өз әрекетін бақылауды үйреніп, алдына қойылған міндеттерді орындау барысында тапжылмай жұмыс істеуге дағдыланады, ынтасы, талабы артады. Қоршаған орта құбылыстары, заттар туралы түсінігі тереңдеп, өз қабілет мүмкіндігін сезінеді.

Графикалық тапсырмаларды орындау барысында балаға үзік сызық сызу мен сурет салуға қойылатын талаптарды қатаң сақтау және үзік сызықты көрсетілген бағытта ғана сызуды, олардың арасында бірдей қашықтық сақтауды, сурет шегінен шығып кетпеуді ескерту керек. Мұндай тапсырмаларды орындау үшін балаға жақсы ұшталған түрлі түсті қарындаштар қажет.

Бала суреттерді мұқият қарап, тапсырманы орындау кезінде тәжірибесін пайдаланып, бейнені толықтыра түседі. Ол жағдаяттарды қиыстырып, өз үлгісіне икемдейді. Нәтижесінде оның өзіндік ішкі позициясы, негіздей алатын пікірі туады. Мұндайда ересектердің міндеті – баланың сөзін бөлмей, оны тоқтатпай, асықпай тыңдау және өз әрекетіне өзінің баға беруіне мүмкіндік жасау. Баланың шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсетіп, тіпті елеусіз деген табыстарын елеп отырыңыз.

Әр беттегі материал бір сабаққа есептелген. Әр сабақтан соң балаға парақ соңындағы жолақты өзі қалаған түске бояу тапсырылады. Таңдаған түсіне қарап, сол сәттегі эмоционалдық – психикалық күйін анықтауға болады. Ол сіздің баламен әңгімеңізге дұрыс бағдар береді. Егер жұмысын өте жақсы орындалды деп есептесе, жасыл түспен бояйды.

Сабақ мерзімін естен шығармаңыз, ол 20-30 минутқа созылуы мүмкін. Бұл баланың жасына, екеуіңіздің көңіл күйіңізге байланысты. Жұмысты баланың көңіл күйіне жағымды ықпал арқылы бастаңыз жөн. Әйтпесе сіздің жайсыз күйіңіз балаға кері ықпал етеді. Сондай-ақ баланы жиі мақтаңыз. Титтей жетістігінің өзіне шын жүрегіңізден қуанатыңызды, қабілеттілігіне сеңіміңізді ашық білдіріңіз.

«Логика»

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Менің отбасым	1	06.09.2021
2	Жуынатын бөлмедегі заттар	1	13.09.2021
3	Ағашпен бұтаның айырмашылығы	1	20.09.2021
4	Бірдей қуыршақты тап	1	27.09.2021
5	Мамандықтарды ата	1	04.10.2021
6	Жеміс жидек және көкөністерді ата	1	11.10.2021
7	Айырмашылықтарын тап	1	18.10.2021
8	Маймылдарын ұқсасын тап	1	25.10.2021
9	Жұмбақтың жауабын ата	1	08.11.2021
10	Түстерді ажырата білесіңбе?	1	15.11.2021
11	Жануарлардың мекендейтін баспанасы	1	22.11.2021
12	Әрбір ұлбаланың көлеңкесін біріктірі	1	29.11.2021
13	Әділге ойыншығын алуға көмектес	1	06.12.2021
14	Жануарларды ата	1	13.12.2021
15	Аққаланың суретін аяқта	1	20.12.2021
16	Шыршаға жететін жолды тап	1	27.12.2021
17	Қайсысы неден жасалған	1	17.01.2022
18	Заттарды нүктелермен айналдыра сыз	1	24.01.2022
19	Диалог сөз құрастыр	1	31.01.2022
20	Гүл салатын құмыраны боя	1	14.02.2022
21	Әдемі қуыршақты боя және есім бер	1	21.02.2022
22	Фигураларды сана және боя	1	28.02.2022
23	Әділге құстың ұясын сөрсет/Фигураларды боя	1	05.03.2022
24	Есептердің жауабын тап	1	14.03.2022
25	Төртбұрыштың ішіне сурет сал	1	04.04.2022
26	Есепте және жауап жаз	1	11.04.2022
27	Үлкен кіші белгісі/Сандарды боя(хаттың негізінде:№18-2/120-И)	1	18.04.2022
28	Қазақстан тәуелсіздігінің белгісі	1	25.04.2022
29	Фигуралардың суретін сал	1	16.05.2022
30	Әділге ұшақ құрастыруға көмектес	1	23.05.2022

